

# KASE АПТАЛЫҒЫ

03– 12 қаңтар  
2024

## KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE Басқарма Төрағасының орынбасары А.Ю. Цалюк мырзаның өкілеттігі мерзімінен бұрын [тоқтатылды](#).
- KASE ресми тізіміне "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ [KZ2C00010668](#) (MFOKb17) облигациялары, "ID Collect (АйДи Коллект) коллекторлық агенттігі" ЖШС [KZ2P00010325](#) (IDCorp3) облигациялары және и три выпуска [сенімгерлік сертификаттарының](#) үш шығарылымы енгізілді.
- KASE ресми тізімінен келесі қағаздар шығарылды: айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "Еуразиялық банк" АҚ [KZ2C00002475](#) (EUBNb13) облигациялары, өтелгеніне байланысты АҚШ қаржы министрлігінің [US912797HW08](#) (US\_81\_2312) халықаралық облигациялары және Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS1555164299](#) (EBRDe17) облигациялары.
- KASE-де Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00010766](#) (EABRb43) облигацияларымен, "BASS Gold" ЖШС-нің [KZ2P00010630](#) (FPSTb3) облигацияларымен, "Birinshi Lombard" (Бірінші Ломбард) ЖШС [KZ2P00010010](#) (MFBLb2) облигацияларымен, "ALTYN SAMRUK QAZAQSTAN" АҚ-ның [KZ2C00010155](#) (ASKQb1) облигацияларымен, [KZ1C00014851](#) (ASKQ) жай және [KZ1P00014989](#) (ASKQp) артықшылықты акцияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де 2024 жылдың ақпан және желтоқсан айларында орындалатын фьючерстермен сауда-саттық [ашылды](#).
- "ForteLeasing" (ФортеЛизинг) АҚ-ның [KZ1C00000405](#) (TMLZ) жай акциялары негізгі алаңның "стандарт" санатына ауыстырылды.
- KASE-де Азия даму банкінің [XS2571803019](#) (ASDBe13) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық уақытша тоқтатылды.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 35,6 млн MEYKAM-300 бірінші шығарылымын ([KZKD00000725](#), MUM300\_0001), 30,5 млн MEYKAM-144 тоғызыншы шығарылымын ([KZKD00001178](#), MUM144\_0009), 30,0 млн MEYKAM-96 14-ші шығарылымын ([KZKD00001228](#), MUM096\_0014), 40,0 млн MEYKAM-192 үшінші шығарылымын ([KZKD00000626](#), MUM192\_0003), 657,0 млн MEKKAM-12 156-шы шығарылымын ([KZK100000316](#), MKM012\_0156), 19,3 млн MEYKAM-96 14-ші шығарылымын ([KZKD00001228](#), MUM096\_0014), 40,0 млн MEYKAM-120 18-ші шығарылымын ([KZKD00000907](#), MUM120\_0018), 22,6 млн MEYKAM-144 тоғызыншы шығарылымын ([KZKD00001178](#), MUM144\_0009) және 35,5 млн MEYKAM-180 11-ші шығарылымын ([KZKD00000790](#), MUM180\_0011) орналастырды.
- "Қазақстан Тұрғын-үй Компаниясы" АҚ KASE-де KZ2C00006401 (KZIKb31) облигацияларын орналастырып, 1,2 млрд теңге [тартты](#).
- "Birinshi Lombard" (Бірінші Ломбард) ЖШС KASE-де KZ2P00010010 (MFBLb2) облигацияларын орналастырып, жазылым арқылы 499,8 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00010494 (KFUSb60) облигацияларын орналастырып, 9,9 млрд теңге [тартты](#).

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ "RG Brands Kazakhstan" ЖШС қаржыландыру бойынша үшжақты келісімнің жасалғаны жөнінде [хабарлады](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ISO халықаралық жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкестік сертификатын [алды](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Түркістан облысындағы инвестициялық жобаға арналған қаржыландыруды [ашты](#).
- "Фридом Финанс" АҚ 2023 жылдың төртінші тоқсаны үшін [KZPF00000082](#) (FFIN\_or) ИИПК "Fixed Income USD" және 2023 жыл үшін [KZPF00000090](#) (FFINgw) ИИПК "GoodWill KZT" пайларын ұстаушыларға дивидендтер төленетіні жөнінде хабарлады.
- "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі " АҚ банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға жаңа лицензиялар алғаны туралы [хабарлады](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы " АҚ 2024 жылға арналған өндірістік жоспарды түзетуді [күтуде](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылы "Баку-Тбилиси-Джейхан" мұнай құбыры бағытындағы мұнай экспортының көлемін 1,4 млн тоннаға дейін [ұлғайтты](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың 12 айында Германияға 993 мың тонна қазақстандық мұнай [жеткізді](#).

12.01.2024	Трендтер (%)		
KASE Индексі	4 288,01	2,4	3,1
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "Банк ЦентрКредит"	1 071,22	9,6	2,0
АО "НАК "Казатомпром"	19 620,00	6,3	7,4
АО "Казателеком"	26 200,00	5,9	12,0
AltynGold plc	760,00	4,0	7,0
АО "Банк ЦентрКредит"	1 064,00	2,8	3,3
АО Kaspi.kz	46 496,00	2,0	1,5
Pfizer Inc.	29,57	1,8	2,0
АО "Народный Банк Казахстана"	166,47	1,8	2,5
АО "Кселл"	1 980,00	1,3	1,3
АО "Казателеком"	34 909,06	1,2	10,9
АО "БАСТ"	6 800,05	0,7	2,3
АО "KM GOLD"	118,01	0,0	0,3
АО "KEGOC"	1 482,00	-	-
АО "Фридом Финанс"	5 900,00	-	-
АО "Национальная компания "КазМунай"	11 475,00	- 0,6	- 0,3
АО "ForteBank"	3,74	- 1,1	- 0,5
АО "КазТрансОйл"	853,22	- 1,4	- 0,6
Ford Motor Company	11,90	- 1,8	5,7
Advanced Micro Devices, Inc.	147,00	- 2,0	9,3
PayPal Holdings Inc.	60,95	- 2,5	3,3
Bank of America Corporation	32,42	- 4,5	4,7
Tesla, Inc.	237,50	- 6,9	0,2

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

### KASE Индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Жыл басынан бері KASE Индексі өсуді жалғастырып, 12.01.2024 ж. сауда-саттық нәтижелері бойынша 4 288,01 белгісінде тарихи максимумның жаңа деңгейіне жетті. Индекстің оң динамикасы 2,4%-ды құрады. Өткен аптада инвесторлар тарапынан сұраныстың өсуі аясында бағаға 6,3% және 9,6% қосқан Қазатомөнеркәсіп пен ЦентрКредит Банкінің жай акциялары өсім көшбасшылары болды. Қазатомөнеркәсіп акциялары уранның әлемдік бағасының өсуі нәтижесінде көтерілді.

Банк секторы мен коммуникация секторының өкілдері аптаны жасыл аймақта жапты. Kaspi.kz акциялары 2% өсті. Kaspi.kz желтоқсан айының соңында АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясына Нью-Йорктегі Nasdaq биржасында депозитарлық қолхаттарды орналастыруға өтініш берді. Орналастырудың жетекші андеррайтерлері - Morgan Stanley, J. P. Morgan және Citigroup. Халық банкінің акциялары да 1,8%-ға өсті.

Байланыс секторының акциялары жасыл аймақта сатылды. Кселл және Қазақтелеком акциялары тиісінше 1,3% және 1,2% - ға өсті.


Мұнай-газ секторының акциялары – ҚазМұнайГаз және ҚазТрансОйл – тиісінше 0,6% және 1,4% - ға төмендеп, теріс динамиканы көрсетті. Standard & Poor 's Global Ratings Қазмұнайгаздың ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін "тұрақты" болжамымен "BB+" деңгейінде растады. Акциялар шикізат нарығында трендтің болмауы аясында бағаның анық бағыты қалыптаспаған диапазонда саудалануды жалғастырды. Лондондағы ICE биржасында наурыз айындағы Brent маркалы мұнай фьючерстері барреліне 77-80 АҚШ доллары аралығында саудалануда. АҚШ-тағы шикі мұнай қорының өсуіне және Сауд Арабиясының барлық мұнай сорттарының бағасын төмендету жөніндегі шараларына қарамастан, Қызыл теңіздегі шиеленістер мұнай бағаларын қолдауға мүмкіндік береді.

KASE Global секторында өткен аптаның қорытындысы бойынша NVIDIA, Uber акциялары ерекшеленіп, сәйкесінше 12% және 9% - ға өсті. Динамикаға корпоративтік жаңалықтар мен АҚШ-тың қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі ықпал етті. Уран бағасынан кейін The Global X Uranium ETF өз бағасына 9% қосты. Ал Boeing акциялары 11%-ға төмендей отырып, ең нашар динамиканы көрсетті.




KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде 14,75% - да орналасқан. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен едәуір төмен саудаланып, жылдық 9,60% - дан 9,35% - ға дейін төмендеді.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



### Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Желтоқсан айының қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 454,69 теңгеге дейін 0,8%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 192 млн-нан 176 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,5 млрд АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке түсетін трансферттерді қамтамасыз ету және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның акцияларын сатып алу үшін желтоқсанда 646 млн АҚШ долларына валюта сатылды. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 18%-ын және күніне 34 млн АҚШ долларынан аспайтын мөлшерді құрады.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру үшін желтоқсанда биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 191 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 5%-ын құрады.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (ҚДКҚ) активтерінің валюталық үлесін ұлғайту аясында Ұлттық Банк желтоқсанда 30 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатып алуды да жүзеге асырды.


Ұлттық Банк желтоқсанда валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферт бөлуге 2024 жылғы қаңтарда Ұлттық Банк Ұлттық қордан 1-ден 1,1 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылуын күтеді.

2024 жылғы қаңтарда БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 100 млн-нан 200 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде, ҚДКҚ активтерінің валюталық үлесін арттыру үшін валюта сатып алу 30 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде күтілуде.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**


Δ %, база (01.01.23)



	Цена	Δ 7д, %	Δ 2024, %
— GBPKZT	575,5	0,25	-0,35
— USDKZT	451,3	-0,46	-0,71
— EURKZT	494,8	0,00	-1,49
— CNYKZT	62,99	-0,62	-1,49
— RUBKZT	5,12	2,81	1,19

**Brent мұнай құны**

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
S&P 500	4 783,83	0,3	1,6	20,1	1,7
Dow Jones	37 592,98	-0,3	1,4	10,0	0,2
PTC	1 136,06	4,9	6,9	11,8	3,5
MMBB	2 285,53	0,0	0,0	0,0	3,5
Hang Seng	16 244,58	-4,7	0,1	-24,5	-1,9
SS CSI 300	3 284,17	-4,3	-2,5	-18,3	-1,1
Euro Stoxx 50	4 480,02	-0,9	-1,1	8,6	0,2
FTSEuroFirst	5 069,50	-0,6	0,6	5,8	0,0
FTSE 100	7 624,93	-1,4	1,0	-2,2	-0,9
KASE	4 288,01	2,4	3,1	30,7	

Шикізат нарығы

12.01.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	78,29	1,6	5,4	-6,8
Мұнай (WTI)	72,68	1,4	4,6	-7,3
Табиғи газ	3,31	31,8	41,9	-10,3
Мыс	374,05	-3,9	-1,2	-10,9
Темір	1 065,00	2,1	2,6	19,1
Алтын	2 049,06	-0,7	3,4	8,0
Күміс	23,33	-3,1	3,0	-2,8
Астық	596,00	-5,1	1,8	-19,8

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
17.01 <a href="#">Тұтыну бағаларының индексі (ИПЦ) (ж / ж) (желт)</a>	GBP	3,8%	3,9%
17.01 <a href="#">Тұтыну бағаларының индексі (ИПЦ) (ж / ж) (желт)</a>	EUR	2,9%	2,4%
17.01 <a href="#">Бөлшек сатудың базалық индексі (ай / ай) (желт)</a>	USD	0,2%	0,2%
17.01 <a href="#">Бөлшек сауда көлемі (ай / ай) (желт)</a>	USD	0,4%	0,3%
18.01 <a href="#">Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</a>	USD	207K	202K
18.01 <a href="#">Филадельфия ФРБ өндірістік белсенділік индексі (қаңтар)</a>	USD	-8,0	-10,5
18.01 <a href="#">Шикі мұнай қоры</a>	USD		1,338M
19.01 <a href="#">Қайталама тұрғын үй нарығында сату (желтоқсан)</a>	USD	3,82M	3,82M

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

B – миллиард  
M – миллион  
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	9,8%	01.01.24	10,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,0	01.01.24	34,2
Ақша базасы, млрд KZT	11 540,0	01.01.24	10 126,5
Ақша масса, млрд KZT	38 302,2	01.01.24	35 674,6

Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
<b>S&amp;P Global</b>	BBB-/A-3 тұрақты	04.09.23	BBB-/A-3 тұрақты
<b>Moody's</b>	Baa2/позитивті	27.10.23	Baa2/тұрақты
<b>FitchRatings</b>	BBB/тұрақты	17.11.23	BBB/тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00



**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.